ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота бөбекжай-бақшасы»

Топ: «Балдәурен» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29.09 - 03.10.2025ж.

Педагогтің аты-жөн: Сұлтанова, А. Тулмагагбетова

Апта күндері	***Дүйсенбі 29.09.2025ж***	***Сейсенбі 30.09.2025ж***	***Сәрсенбі 01.10.2025ж***	***Бейсенбі 02.10.2025ж***	***Жұма 03.10.2025ж***
Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік Қасым-Жомарт Тоқаев					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көріні сін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қар сы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызы ғушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. **Сәлемдесу** Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сырт қы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. **Сәлемдесу** «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. **Сәлемдесу** Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сырт қы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығу шылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. **Күй күмбірі»** Күймен балаларды қарсы алу.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сырт қы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күй мен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылы ғын анықтау. **Сәлемдесу** «Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)

Ата-аналар мен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Жаднама:** "Балаға қандай ойыншық тар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңес тер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсен ділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	**Әңгіме жүргізу:** "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	**Ата-аналарға кеңес.** "Демалысты пайдалы өткізу"
Балалар дың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуника тивтік, шығармаш ылық, эксперимен талдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балаларға қуыр шақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезін де педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сон дай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қол дана білу іскерліктерін дамыту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасы ның Гимн орындауы. **Мақсат-міндеттер.** Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастыра ды. (музыка) **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды сөздердің	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балаларды тарақ тарды тазарту жұмыста рында педагогке көмекте суді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. Кітаптарға қызығушылық ты ояту. Балаларды тақпақ тар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. **Құрастырудан ойын-жаттығу.** **"Сары жапырақтар жерге түсті".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқса туды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңей ту, жапырақтардың сарға	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек тапсырмалары:** «Ойыншықтар мен құрал дар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қыз меттерін, пайдалану амал дарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қою ға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қадыр Мырза Әлі **«Күз».** Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді.	**«Өнегелі тәрбие».** **Қауіпсіздік. Еңбек тапсыр малары:** «Аквариум балық тарын қоректендіру». (қоршаған әлеммен таныс тыру, еңбекке баулу) Табиғат бұрышын мекен деушілерді бақылау дағды ларын қалыптастыру; қара пайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегі мен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылық қа тәрбиелеу. Балалардың балықтарға қорек өнімдері не аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету. "Күз" мезгіліне байланыс ты сюжетті суреттер көрсету. **Мақсат-міндеттері.** Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, экология	**Ұлттық сезім күні** **«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балаларды топ бөл месіндегі реттілікті сақтау ды үйрету: үстел, орындық тардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орны на жинауға тәрбиелеу. **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Ұқсас белгісіне қарай жапырақтар ды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) **"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.** **Мақсат-міндеттер:** ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы

	ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға елік теуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, дене тәрбиесі) Зерттеу іс-әрекеті **Құм терапиясы** **Мақсат-міндеттер:** құмның қасиетін анықтай отырып зерттеу жүргізеді.	йып түсуі жөніндегі түсі ніктерді анықтау. **Құрылыс нәтижесімен ойнату.** **Мақсат-міндеттері.** Күзгі жапырақтарды ағаш бұталарына жапсыру, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. (жапсыру) «Күз аруының көйлегін безендір» дидактикалық ойыны. **Мақсат-міндеттер.** Логикалық ойлау, еске сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту. **Ойын барысы.** **Педагог:** – Балалар, қазір «Күз аруының көйлегін безендір» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойын шарты мынадай. Екі топқа бөлінесіңдер. Топта жарты лай безендіріліп тұрған Күз аруының көйлегін аяқтап бітіру керек. Әр топтың ортасында себетте әртүрлі жапырақтар тұр.	(тіл дамыту және көркем әдебиет) **«Күз бояулары» сөздік жаттығуы.** **Мақсат-міндеттер.** Балаларға жапырақтардың түстерін, күзгі бояулардың түстерін ажыратуды үйрету. **Құрал-жабдықтар:** көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті жапырақтардың суреттері (карточкалар). **Ойын шарты.** Балаларды алаңға шақыру, оларға үстелде жатқан түстері әртүрлі жапырақтарды көрсету. Жапырақтар көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті болады.	лық тәрбие) **Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш".** **Мақсат-міндеттері:** логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) **"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттер:** аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттығады; ойлау қабілеттері дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет) "Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттері.** Балалардың танымдық қабілетін дамыту. **Барысы:** педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар	ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. (танымдық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)

				қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.	
Ертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылу, қолдарын созу, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жанғали Жүзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri «Өнегелі»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету.				
	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері.	**«Қаржылық сауатты лық».** Ақша жинайтын	**"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық**	**"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.**	**"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.**

	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	сандықшалармен (копил калармен) таныстыру. (қоршаған әлеммен таныс тыру, математика негіздері) **Мақсат-міндеттері.** Балаларға негізгі экономи калық ұғымдарының бірі, жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықша лармен таныстыру; «бір», «көп» ұғымдарын ажыра туға көмектесу; қоғамдық орындардағы мінез — құлық ережелерін сақтау ға тәрбиелеу. **Тіл дамытудан ойын-жаттығулар.** Қызыл сары, сап-сары. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары. **Мақсат-міндеттері.** Балаларға күзгі құбылыс тың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауды үйрету.	**ойыны.** **Мақсаты-міндеттері.** Балалардың жыл мезгілде рі туралы білімдерін бекі ту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабіле тін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылық ты тәрбиелеу. **Барысы:** лото түріндегі ойын, бала белгілі бір мау сымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгі лін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруду ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. (тіл дамы ту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	**Мақсат-міндеттері.** Заттарды топтастыруға жат тықтыру,өз бетінше тапсыр маны орындауға дағдылан дыру, ойлау қабілетін дамы ту.(тіл дамыту және көркем әдебиеті, танымдық дағдылар)	**Мақсат-міндеттері.** Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабі летін дамыту.(тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **"Бөренемен жүреміз".** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың бөренемен	**Дене тәрбиесі** **"Домалайды алмалар".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды бірінің арты	**Музыка** **"Жапырақтар сарғайды"** **Мақсат-міндеттер.**	**Дене тәрбиесі** **"Допты домалатайық".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды бірінің артынан	**Қазақ тілі** **"Не, қайда өседі?"** **Көгөністер мен жемістер.** **Түстер әлемі."**

	жүру және допты лақты ру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; бала лардыептілікке, шапшаң дыққа тәрбиелеу.	нан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабі летін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигі зу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшы лап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету.	Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабыл дау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушы лықтарын арттыру.	бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз ерік терімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.	**Мақсат-міндеттері.** Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. **"Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны.** "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. **"Қандай түсті?" дамытушы лық ойыны.**
	Математика негіздері нен ойын-жаттығулар. "Сан алуан жапырақтар". **Мақсат-міндеттері.** Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орна ластыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін,	**Тіл дамытудан ойын-жаттығулар.** Қызыл сары, сап-сары.. атты т	**Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.** "Аула сыпырушы". **Мақсат-міндеттері.** Балаларды аула сыпыру шының жұмысымен таныс тыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәти жесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. **Дидактикалық ойын.** **"Аула сыпырушының құралдарын тап".** **Мақсат-міндеттері.** Аула сыпырушының құралда	**Сурет салудан ойын-жаттығулар.** **"Саябаққа күз келді".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қылқалам арқы лы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапы рақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапы рақтардың сарғайып, түс кені жөнінде түсініктерін кеңейту. **Саусақ жаттығуы.** **"Жапырақтар ұшты".** Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, сау	**Әлеумет** **"Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сату шының қызметімен таныс тыру; жемістер мен көгөніс тердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалып тастыру; жемістер мен көгө ністерді пайдаланар алдын да тазалық ережелерін сақ тауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшелікте рін, теңге туралы ұғымда

	жағымды эмоцияларды дамыту.		рын тауып, құралдың атауын атауды үйрету.	сақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру) Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтар ға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу) Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимыл дау) (тіл дамыту және көркем әдебиет)	рын кеңейту. **"Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.** **Мақсат-міндеттеір.** Сатушыға қажет құралдар дың атауларын пысықтау.
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен	**Теректі бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. **Тақпақ.**	**Торғайды бақылау.** (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** торғаймен танысуды жал ғастыру, аула құсына қызығушылықты арттыру; торғайдың дене мүшелері, қарапайым тіршілігі жай	**Күнді бақылау** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Серуендеуге,күнге қызығу шылықты ынталандыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға	**Жүк көлігін бақылау.** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** балалардың жүк көлігі тура лы түсініктерін қалыптасты ру, оның қызметі мен сырт қы ерекшеліктерімен таныс тыру; ересектердің еңбегіне	**Жаңбырлы күн туралы сөйлесу** (немесе бақылау). (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері**. Балаларды табиғат құбы лыстарын сезіне білуге бау лу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаң

	Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапы рақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтары мен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауа ны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек аға шы жұмсақ, жеңіл бола ды, одан қағаз бен сірің ке, ойыншықтар жасайды. **"Өнегелі тәрбие".** **Еңбек әрекеті:** терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтиже сіне өз үлестерін қосуды	ында ұғамдар қалыптастыру. **Қауіпсіздік.** Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Бұл ненің дыбысы? Осы дыбыстар не шығарады? Педагог ағаш бұтағында отырған торғайға аударады. - Бұл торғай құсы. Торғайдың несі бар? (Басы, денесі, қанаттары, аяқтары, тұмсығы, көздері.) - Торғайдың қанаттары не үшін қажет? - Иә. Торғай ұшады. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң болмайды. Шыр-шыр еткен торғайлар, бау-бақшаны қорғайды. **«Өнегелі тәрбие».** **Еңбек тапсырмалары:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақ тардан тазалау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке елік	болматынын ескерту, зерт теуде пленка немесе көк шыныны қолдану. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі бола тынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. **Көркем сөз** Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. "Күн" десек - қолдарды көтерейік, Шапалақ қағып, құшақта сып, күлейік. Аспан төрінде жарқыраған күнге Біз берейік "сәлем" әрқа шанда, күнде. (Д. Ахметова) **"Көк ту" ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушы лықты арттыру. Достыққа, белсенділікке, ұйымшыл дыққа баулу. Балалар екі топқа бөліне ді. Әр топта өз тулары	қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ере желерін бекіту. **Көркем сөз** Гүрілдеп жүремін мен, Бақтан алма әкелем. Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар. Төгілген аулаға Алманы да, картопты да, Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова) Балаларға көлік қозғалы сын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізу ші басқаратынын түсіндіре ді. Машинада кузов, каби на, дөңгелек, рөл болаты нын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады. **«Түрлі түсті көліктер» ұимыл-қозғалыс ойыны** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды бағдаршамның үш түсінің біріне берілген белгіге жылдам әрекет ету ге үйрету, қозғалысты ере жеге сай орындау дағды	бырлы күні қажет заттарды еске түсіру. Сырбай Мәуленов Көк аспанды сілкілеп, Күн бұрқанды күркіреп. Дүниені шайқаған, Тынды да бір шу қайтадан. Сәлден кейін сауылдап, Ойнап жедел адымдап. Жапырақтарды жайнатып, Төбеде ат ойнатып, Орындыққа, терекке, Кеспектерге, шелекке Шыны жаңбыр, Тамды бір. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгі руге және бір-біріне соғыл май, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағ дарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбие леу.Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға бола

	үйрету; қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету. **Қауіпсіздік.** Табиғи материалдарды жапырақтарды ауызға салмауды қадағалау. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Қазақ халқының ұлттық ойыны.** «Қарақұлақ». (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдығын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту. **"Гүлдер мен аралар"** қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге	теп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** (дене тәрбиесі, көркем сөз) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Көркем сөз.** Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың біріңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу	болады. Әр тудың қорғау шысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыласта рын өз тобына ауыстырулары керек.Екі топтың орта сынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. **Жеке баламен жұмыс "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды кегли арасы мен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. **Құралдар:** кеглилер. **"Өнегелі тәрбие". Экология. Еңбек тапсыр**	сын қалыптастыру; белгіленіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. кеңістікте бағдарлау мен ойын дағдыларын дамыту. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **"Ақсүйек" қазақ халық қимыл-қозғалыс ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер бала	ды," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. **Жеке баламен жұмыс "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Дәлдікке,ептілкке бейімдеу бір қолмен қапты көлде неңнысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. **Құралдар:** лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары. **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке еліктеп қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталанды

	дағдыландыру. **Құралдар:** таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар). **Жеке баламен жұмыс. "Допты ұстап ал" ойыны**. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Ептілікті, реакция жыл дамдығын дамыту; доп пен ойындарға қызығу шылықты арттыру. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.** **Мақсат-міндеттері.** Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары. Балалардың еркін ойыны. **Мақсат-міндеттері.** Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдау ды үйрету.	үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды мең герудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқа нын бақылайды. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шең берге секіріп өтуге машық тандыру; секіріп жылжы ғанда мұқият болуға, шең бердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаң дыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Құралдар:** үш-төрт шеңбер. **Жеке баламен жұмыс. "Өзен көпірімен өтеміз" қимылды жаттығуы.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетең	**малары:** қолөнер сабақта рына табиғи материалдар ды, әдемі жапырақтарды, жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машық тандыру,өздігінен орын дауға ынталандыру. **Қауіпсіздік.** Табиғи мате риалдарды ауызға салмау ды қадағалау. Балалардың еркін ойыны.	лардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған бала ны қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойын ды ұйымдастыруды дамыту ды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **«Өнегелі тәрбие».** **Еңбек тапсырмалары:** ойын алаңын жерге түскен, құрғақ жапырақтардан тазалау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке елік теп, қарапайым тапсырма ларды өздігінен орындауға; жапырақтарды қорапқа салуға ынталандыру; тия нақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: қоқымды бір-біріне шашпау, ауызға салмау. **Жеке баламен жұмыс "Өзен көпірімен өтеміз"**	ру; тиянақтылыққа, тазалық қа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.

		дікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физика лық қасиеттерді жетілді ру.Балалардың еркін ойыны.Балаларға өз бетін ше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.		**қимылды жаттығуы.** (дене тәрбиесі) Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетеңдік ті сақтап, жүре білу қабіле тін дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру. Балалардың еркін ойыны.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Киімдерін ұқыпты орын дыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегі сін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптасты ру.Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орын дыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмала рын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалар дың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Торғайлар мен қарға лар"** театрландырылған ойын. (тіл дамы ту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. **Барысы:** балалар екі топқа бөлінеді: **"Торғайлар" және "Қарғалар";** содан кейін бір-біріне арқалары мен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызық қа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. **Қарапайым нұсқа:** педагог атаған топ қол шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қала ды.«Геометриялық фигу ралардан суретті жина» ойыны (математика негіз дері, құрастыру,тіл дамы ту және көркем әдебиет) **Міндеттер:** балалардың	**«Күн мен жаңбыр» аз қимылды ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер.** Балаларға ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету. **Ойын шарты.** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. «Жаңбыр жауды!» деген дауыс естілгенде балалар пана іздеп, кішкентай үйлерге тығылады. «Күн шықты!» деген белгі естілгенде балалар алаңға қайта шығады, ойындарын жалғастырып ойнайды. **"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы.** (мүсіндеу) **Мақсат-міндеттері.** Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білім дерін нығайту. Қолдың ұсақ моторикасын дамы ту. Түрлі түсті моншақтар ды алақанмен домалақтау, ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.** **Мақсат-міндеттері.** Зейінді, бақылауды, реак ция жылдамдығын дамыту. **Барысы:** балалар шашы раңқы тұрады (маймыл дар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимыл дар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет) **«Дана қуыршақ дүкенге барды» сюжетті-рөлдік ойыны.** (қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттер.** Балалардың сөйлеуін бел сендіру және дамыту, ойын идеясын ашу. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. **Құрал-жабдықтар:** Дана қуыршақ, текшелер, құрас тырғыштың бөлшектері, қораптар, сөмке, пирамида ның сақиналары.	**"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны.** (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет) **Мақсат-міндеттер:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молаяды; ойлау қабілеті дамиды. **«Дана қуыршақты тамақ тандыру»** сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттер.** Балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімде рін бекіту, сөйлеуін белсен діру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу. **Құрал-жабдықтар:** Дана қуыршақ, ойын бұрышында ғы ыдыс-аяқ жиынтығы. **Ойын барысы.** Ойын бұрышында ойнаты лады. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арнал ған терең табақтар, екінші сіне таяз, қасық, шанышқы, кесе. Ыдыстар үстелге қалай қойылатынын, тамақ	**«Тамшылар мен жауын» музыкалық-дидактика лық ойыны.** **Мақсат-міндеттер.** Балаларға ұзақ және қысқа дыбыстарды, әуеннің рит мін ажыратуды үйрету. – Балалар, ойынның аты «Тамшылар мен жауын» деп аталады. Қазір екі топ қа бөлінесіңдер. Музыкалық жетекші бала ларға аудиожазбаларды тыңдатады. Жауын мен тамшылардың дыбысын бөлек тыңдатқызып, сол жауынның жылдамдығын немесе тамшыны қолдары мен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Тоқтаусыз жауын – ұзақ шапалақтау. Өткінші жауын – орташа ритмде шапалақтау. Тамшы – қысқа шапалақ. Балалар дыбыстың ритміне байланысты шапалақтайды. **"Түстер туралы ертегі" оқып беру.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу.

	шығармашылық қиялын, ойлауын, зейінін, жазық тыққа бағдарлануын дамыту; геометриялық фигуралардан әртүрлі бейнелерді құрауды, оларды бір сюжетке біріктіруге жаттықтыру; достарына өз жұмысы туралы айтуға, шағын әңгіме құрастыруға итермелеу; табандылық қа, жүйелілікке тәрбиелеу. **Құрал–жабдықтар** Геометриялық фигура лар жинақтары. **«Кімнің дауысы?» ойыны** **Мақсат-міндеттер.** Достыққа,ұйымшыл болуға үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қор шаған әлеммен таныстыру)	**Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек».** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дене күшін дамыту, аяқ-қол қимылдарының ептілігін дамыту. **Шарты.** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқа ларын тіреп тұрады. Белгі бойынша кім бір-бірін арқасына бірінші көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойын да қала береді, басқа бала лармен күш сынасады. **Қауіпсіздік.** Ойында қауіп сіздік ережелерін қадағалау.	**Ойын барысы.** Тәрбиеші балаларға Дана қуыршақ азық-түлік дүкеніне бара жатқанын айтады, бірақ ол жалғыз барғысы келмейді. Оған оған көп зат сатып алу керек. Дана қуыршақ өзіне көмекшілерді таңдайды. Бір-екі бала Данаға көмектесуге келіседі. **Педагог:** – Балалар, дүкеннен сатып алатын заттарды қайда саламыз? Бізге не керек? Сөмке керек. Дұрыс. Балалар азық-түлік дүкені не кетеді. Олар өз әрекетте ріне түсініктеме бере оты рып, ойыншықтарды, қораптарды, банкаларды сөмкеге салады. «Бұл тек ше сары май болады. Мына қорап жүгері бола ды. Пирамиданың сақина лары қалаштар, ал құрас тырғыштың бөліктері піс пенан (печенье) болсын». Тәрбиеші балаларды ойын әрекеттеріне итермелейді және ойын барысын бақылайды.	тану әдебін, ас құрал дарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыр шаққа түскі ас беру ұсыналады. **«Ертегі кейіпкеріне тән әуенді таңда» ойыны** (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** балалардың музыкалық есту, әуендердің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; ертегінің бір неме се басқа кейіпкерін өзіне тән әуенмен байланыстыру ды үйрету; әйгілі ертегілер дің сюжеттерін бекіту; ерте гі кейіпкерін ым-ишара, батырдың сөздері арқы лы бейнелеу, оның мінезде месі мен музыканың сипа тына сәйкес қозғалу қабілетін дамыту.	Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болып ты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүрген де тағы бір түс пайда бола ды. Ол Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұр ған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қор қып, емен ағашының асты на тығылады. Жаңбыр қат ты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жаң дай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пай да болған екен.Барлық бояу

					лар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды.Осыдан кем пір қосақ пайда болады. (көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)
Балалармен жеке жұмыс	**Болатбек Зере мен Көшербай Мирасқа Артикуляциялық жаттығу.** Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек	**Нұраш Нұрлан мен Жолмахан Нұртілеуге Боямақтарды бояу. Жапырақты бояу.** (сурет салу)	**Іляс Омар менОрынтай Мединаға** **Қадыр Мырза Әлі «Күз».** Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. (тіл дамыту, көркем әдебиет)	**Көркем Төре-Әлі мен Оралбек Әбілмансұрға** Сазбалшықтан, ермексаз дан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату. (Мүсіндеу)	**Рахметулла Алфия мен Мейрамбек Ажарға Боямақтарды бояу. Жапырақты бояу.** (сурет салу)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Шыршаны бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсаты:** Қзақстанда өсетін өсімдік, шырша туралы түсініктерін қалыптастыру; шыршаға	**Күн райының жағдайын бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту) **Мақсат-міндеттері.** Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусым	**Күнді бақылауды жалғастыру.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру.	**Аспанды бақылау.** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты	**Қайыңды бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Күз мезгіліне байланысты сипат тамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отыр

	таңдану сезімін ояту. **Қауіпсіздік.** Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру. Шыршаның ерекшелігі - инелерінің түспейтіні; шырша күзде де жасыл болып тұрады. Шырша, шырша, шыршамыз, Ұнатамыз баршамыз. Мереке қарсаңында, Төрімізде тұрсаңыз. Мәңгі жасыл көркемім, Өсе берші көркейіп. Неткен әсем, асылсың, Жыл бойына жасылсың! (Д. Қ. Бұланбаева) **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсаты:** балаларды шеңбер құрып, қол ұста сып жүруге баулу; дос тыққа тәрбиелеу. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** **Мақсаты:** балаларды бір бағытта, жылжи отырып,	дық құбылыстарды бақы лауды үйрету; осы құбы лыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) **"Өзен көпірімен өтеміз" қимылды жаттығуы**. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетең дікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физика лық қасиеттерді жетілдіру. **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** ойындардан кейін ойын шықтарды жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке елік теп, қарапайым тапсырма ларды өздігінен орындау	Күннің кешке қарай көк жиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болға нын сезінуге шақыру. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушы лықты арттыру. Балалар ды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгі руге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағды ландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабі летін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **Шарты:** балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолша тырдың айналасына жина лады. **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** ойындардан кейін ойын шықтарды жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке елік теп, қарапайым тапсырма ларды өздігінен орындау	ажырата білу, аспан бұлт ты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылаған да қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тама шалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты бай қау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгер тетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. **Жұмбақ.** Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) «Түрлі түсті көліктер» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды бағдаршамның үш түсінің біріне берілген белгіге жылдам әрекет ету ге үйрету, қозғалысты ере жеге сай орындау дағды сын қалыптастыру; белгіле ріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға	ып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты таби ғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздік**.Табиғат объек тілерін бақылауда қарапай ым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. "Ақ қайың" С. Мәуленов Жапырағын күн сүйіп, Бұтағын жел тербеткен. Даласында (Волховтың) (өлке атауы), Дарқан өсіп ер жеткен. **"Өзен көпірімен өтеміз" қимылды жаттығуы.** (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бой ымен, тепетеңдікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру. **«Өнегелі тәрбие».** **Еңбек тапсырмалары:** ойындардан кейін ойын шықтарды жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке еліктеп қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойын шықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталанды

	секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызық тарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек тапсырмалары** - гүл суару. **Мақсаты:** ұқыптылық қа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.Балалардың еркін ойындары.	ға; ойыншықтарды құм нан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақты лыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындау да қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтар ды, қолды ауызға салмау.	ға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақты лыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындау да қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтар ды, қолды ауызға салмау.	күрделі ережелерді енгізу. Кеңістік те бағдарлау мен ойын дағдыларын дамыту. **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** ойындардан кейін ойын шықтарды жинау. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересекке елік теп, қарапайым тапсырма ларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынта ландыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.**Тапсырмалар ды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.	ру; тиянақтылыққа, таза лыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздік.** Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қада ғалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалар дың дербес іс-әрекеті (қимылдық , ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **Міндеттер.** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) **Міндеттер.** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.				

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) **Міндеттер.** Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) **Міндеттер.** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.				
Балалар дың үйге қайтуы	**Жаднама:** "Балаға қандай ойын - шықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңес тер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсен ділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	**Әңгіме жүргізу:**"Бала таны мын дамытудың маңызды лығы".	**Ата-аналарға кеңес.** "Демалысты пайдалы өткізу"

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота бөбекжай-бақшасы»

Топ: «Балдәурен» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 - 10.10.2025ж..

Педагогтің аты-жөні**:** Сұлтанова, А. Тулмагагбетова

Апта күндері	***Дүйсенбі 06.10.2025ж***	***Сейсенбі 07.10.2025ж***	***Сәрсенбі 08.10.2025ж***	***Бейсенбі 09.10.2025ж***	***Жұма 10.10.2025ж***
Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы. Мұхтар Шаханов					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **Сәлемдесу** Арайлы таң, армысың! Шуақты күн, армысың! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың! Балалар достарымен қол алысып амандасады. (тіл дамыту)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анық тау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) **Сәлемдесу** Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. (тіл дамыту)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексе ру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **Сәлемдесу** Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. (тіл дамыту)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сырт қы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) **«Күй күмбірі»** Күймен балаларды қарсы алу.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сырт қы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **«Күй Сәлемдесу** Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. (тіл дамыту)

Ата-аналар мен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауды үйрету.	**Кеңес.** **"Саусақ жаттығулары".** Қол моторикасын дамыту дың маңыздылығын түсіндіру.	**Ата-аналарға кеңес.** "Отбасындағы сауықты ру шаралары".	"Отбасындағы мерекелер ді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.
